

Саттар ақын ғашық болған ару



Мәруә Нұрланқызы 85 жасқа толып отыр

Құдайшылығын айтуға тиіспін, Мәруә анамызбен жүздесуіме қазақтың біртуар ақындарының бірі, ардақты азамат, осы альманахтың ақылдастар алқасының мүшесі Кәкімбек аға Салықов себепкер болды.

- Қарағандыда ісі қазаққа аты танылған Бименденің Нұрланының қызы Мәруә апай тұрады. Кездесіп көріп пе едің?- деп сұрады таяуда Алматыда жолыққанымда ақын ағам.

Мен ағымнан ақтарылдым. Сондай кісі бар екен деп естігенім рас, бірақ кездесу бақытына ие болған жоқ едім.

- Ендеше, менің сол кісіге арнаған өлеңімді алып бар. Мүмкін, альманахына оқырмандар үшін қызықты хабар әзірлеп қаларсың, - деді мінезі жұмсақ Кәкімбек ағам биязы үнмен.

- Кәкімбек үлкен ақын ғой, - деп қуана тіл қатты Мәруә анамыз, - Адамның жан дүниесін бірден түсінетін. Ағаларына да, мені іздеп келген сендерге де рақмет. Құдай басқа салмасын, 18 жасымда, 1937 жылы жарымды "халық жауы" етіп, атқан соң, өзімді 12 жылға итжеккенге айдады. Өмірде көрмеген, бейнетім жоқ. 25 жыл қара жұмыс істедім. Қазір шүкір, Кәкімбек ақын жырға қосқандай "Сексеннің сенігіне шықсам да", ширақтығымның бары рас. Сонау сұрапыл жылдарда жазықсыз құрбан болған жарымның, маған ғашық болған Саттар Ерубаевтың аруақтарының желеп-жебегендігі ме, кім білсін, әйтеуір, жер басып келе жатырмын ғой қарақтарым. Қазақ жерінде тыныштық болсын, ел-жұрт аман болсын, мемлекетіміз өсіп-өркендей берсін!

Мәруә анамызды Балқан Ахмет екеуіміз суретке түсірісімен - ақ сурет салонына тарттық. Ондағы ойымыз - ару-Ананың бүгінгі бейнесін көруге ынтыққандық еді. Қуаңғанымыз соншалықты екеуіміз бірден "Бұл анамыздың суреті мұқабаға сұранып тұр екен" деп ой білдірдік. Оның үстіне Кәкімбек ағамыздың Мәруә анамызға арнаған мына бір тамаша өлеңі де осы бір шағын дүниеге жан бітіріп тұрғандай еді.

Айтбай СӘУЛЕБЕКТЕГІ,
"Азия Транзит" альманахының бас редакторы.

Кәкімбек САЛЫҚОВ

Мәруә-апай

*Асында Мұқыш-аға қызу төрдің,
Бименде Нұрланұлы қызын көрдім.
Келбеті жер бетінде жан жетпестей,
Ежелгі сұлулықтың ізін көрдім.*

*Жамары Қаратаудың қара тасы,
Құс қанат, қиғаш, керім қара қасы.
Сексеннің сенігінен ассадағы,
Жан екен топта қызар бар арқасы*

*Айтқаны терең тамыр білім кені,
Құлпырып қыз кезінде күлімдеді.
Сол сәтте, сексен қайда?
Беу, ағайын,
Алпыс та қарт анадан білінбеді.*

*Сыр бар ма ел құлағы жаттамаған,
Есімде «Мәруә сұлу» ат тараған.
Сарыарқа Қыз Жібегі осы кісі,
Құмартқан Ерубаев Саттар ағам.*

*Дауысы күміс қоңырау қаққан сыңғыр,
Секілді естілгендей бақтан бұлбұл.
Мәтелдеп отты сөзбен тамсандырса,
Нұр жүзі мың құбылды жайынап гүл, гүл.*

*Қыр мұрын, ақ дидары араланды,
Тамсантты сыны қайтпас талай жанды.
- Япырмай қыз күнінде қандай екен? -
Деп қана Бәйкен ағам қарай қалды.*